

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті "Жекешелендіру туралы"

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1996 жылғы 27 наурыз N 141а-ө "Жекешелендіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 2721 U952721_ Заң күші бар Жарлығын орындау үшін:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі белгіленген тәртіппен екі ай мерзім ішінде:

Ермак ГРЭС-і және Қарағанды ТЭЦ-2 мемлекеттік кәсіпорындарын ашық үлгідегі акционерлік қоғамдар етіп қайта құру жүргізсін;

Ермак ГРЭС-і және Қарағанды ТЭЦ-2 базасында құрылған акционерлік қоғамдардың акцияларының мемлекеттік пакетін жекешелендірудің жеке жобасын Үкіметке бекітуге ұсынсын.

2. Осы өкімнің орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Н.Қ. Есенғаринге жүктелсін.

Премьер-Министр